

Жалпы ереже

Жалпы ережелер. Осы ережелер (бұдан әрі – Ережелер) сатып алушылардың «iSpace» ниеттестік бағдарламасына қатысу тәртібі мен шарттарын айқындайды. Осы Ережелер Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 387-бабына сәйкес барлық әлеуетті сатып алушыларға төменде көрсетілген үлгілік талаптарда шарт жасасу ұсынысымен жіберілген жария оферта болып табылады. Сатып алушының Бағдарлама Ұйымдастырушысынан тауарды/қызметті сатып алуы және сатып алушының Бонустық шотты тіркеуі осы жария офертаны сөзсіз акцепттеуді және сатып алушының осы Ережелерге (шартқа) қосылуын және сатып алушының «iSpace» ниеттестік бағдарламасына автоматты түрде қатысуын білдіреді.

1. Терминдер мен анықтамалар

- 1.1. Бағдарламаның «Ұйымдастырушысы» – «ASBC Kazakhstan» ЖШС (Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Хусаинов к-сі, 281), «iSpace» Бағдарламасын басқару мен дамытудың айрықша құқықтарына ие.
- 1.2. «iSpace» ниеттестік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) – бұл «iSpace» дүкендер желісінде және/немесе www.iSpace.kz интернет-дүкенінің сайтында сатып алатын адамдарды көтермелеу бағдарламасы.
- 1.3. «Қатысушы» – 18 жасқа толған және қолданыстағы Ережелерге сәйкес Бағдарламаға келісім беру арқылы оған қатысатын жеке тұлға, осы Ережелермен келісіп, оларға қосылуы және қатысуы Ұйымдастырушы тарапынан расталған тұлға.
- 1.4. «Виртуалды бонустық карта» (бұдан әрі – Карта) – электрондық сауалнаманы толтыру шартымен iSpace дүкендер желісінен тауарларды соңғы сатып алу кезінде Бағдарлама Қатысушысына берілетін, Бағдарлама Қатысушысын сәйкестендіру үшін пайдаланылатын бірегей нөмірі (QR-коды) бар сауда желісінің электрондық картасы.
- 1.5. Телефон нөмірі – Қатысушының Бағдарламада тіркелу кезінде көрсетілген ұялы телефон нөмірі. Телефон нөмірі Бонустық шотқа кіру құралы болып табылады.
- 1.6. SMS – верификация – Қатысушыны оның телефон нөміріне sms-хабарлама жіберу арқылы сәйкестендіру процедурасы. Хабарламада біржолғы құпиясөз қамтылады.
- 1.7. «Бонус» – сауда желісінде тауарларды сатып алу кезінде Бағдарлама Қатысушысына есептелетін виртуалды шартты бірліктер. Бір Бонус бір теңгеге тең, бұл ретте Бонус ақша қаражаты болып табылмайды және Бағдарлама Қатысушысы Бонустарды қолма-қол ақша қаражаты түрінде ала алмайды.
- 1.8. «Welcome-бонус» - бұл Бағдарламаға алғаш қосылған кезде акциялық механика шеңберінде Бағдарламаның жаңа Қатысушыларына есептелетін бонустар. Welcome-бонус бір рет беріледі және осы Ережелерде көрсетілген шарттарда пайдаланылуы мүмкін. Welcome-бонус ақша қаражаты емес, қолма-қол ақшаға айырбасталмайды және бір Бонус бір теңгеге теңестіріледі. Ұйымдастырушы Welcome-бонусты есептеу тәртібін, мөлшерін және кезеңін алдын ала ескертусіз біржақты тәртіппен өзгерту құқығын өзіне қалдырады.
- 1.9. «Бонустық шот» – Қатысушы, есептелген/есептен шығарылған Бонустар саны және ағымдағы баланс туралы бағдарлама дерекқорындағы есептік және ақпараттық деректердің жиынтығы.

- 1.10. «Сауалнама» – Ұйымдастырушы Қатысушыға Wallet мобильді қосымшасында толтыру үшін ұсынатын электрондық құжат, оны толтыру және қол қою кезінде жеке тұлға Бағдарлама Қатысушысы болуға өзінің ниетін білдіреді және осы Қағидаларға сәйкес Бағдарламаға қатысуға өзінің келісімін, сондай-ақ Ұйымдастырушының Қатысушының кез келген деректерін, оның ішінде дербес деректерін өңдеуіне (жинауына, тіркеуіне, жинақтауына, сақтауына, бейімдеуіне, өзгертуіне, толықтыруына, пайдалануына, таратуына, иесіздендіруіне, жоюына) келісім береді.
- 1.11. «Сату нүктесі» – Ұйымдастырушының меншігіндегі iSpace сауда желісінің дүкендері, сондай-ақ www.iSpace.kz интернет-сайты.
- 1.12. «Көтермелеу» - Қатысушының Бағдарлама Ережелеріне сәйкес Сату нүктелерінде тауарларды сатып алу кезінде (Ұйымдастырушы белгілеген тауарларды сатып алуға шектеулерден басқа) Бонустарды жеңілдік ретінде пайдалану мүмкіндігі.
- 1.13. «Бағдарламаның байланыс арналары»: www.iSpace.kz және Қатысушы мен Ұйымдастырушы арасындағы байланыс үшін қолданылатын басқа байланыс құралдары.

2. Жалпы ережелер

- 2.1. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабын түсіну тұрғысынан қосылу шарты болып табылады.
- 2.1. Бағдарлама құмар ойын, лотерея, ойын бизнесі саласындағы қызмет болып табылмайды.
- 2.1. Бағдарлама сатушының бүкіл желісі бойынша жұмыс істейді (дүкендердің мекенжайы туралы ақпарат компанияның www.iSpace.kz ресми сайтында орналастырылған).

3. Бағдарламаға қатысу шарттары

- 3.1 Бағдарлама тек жеке тұлғалардың жеке пайдалануына арналған. Бағдарлама Бонустарын үшінші тұлғаларға кез келген тәсілмен иеліктен шығаруға, соның ішінде беруге, сатуға, сыйға тартуға және т.б. болмайды.
- 3.2 Бағдарламаға қатысудың басталу күні Қатысушының Ережелердің **5.1, 5.2**-тармағына сәйкес сәтті тіркелгені расталып, Қатысушының осы Ережелердің шарттарына сәйкес толтырылған Сауалнаманы ұсынған кезде SMS алған күні болып табылады.
- 3.3 Қатысушы «Wallet» қосымшасында Қатысушының электрондық сауалнамасын толтыру арқылы Бағдарламаға қосылады.
- 3.4 Карта сатып алушының – Бағдарламаға Қатысушының идентификаторы ретінде қызмет етеді.
- 3.5 Бағдарламаға қосылуға бағытталған әрекеттерді жасай отырып, Қатысушы осы офертамен танысқанын растайды, Бағдарламаға қатысу шарттарын қабылдайды, олармен келіседі және оларды орындауға міндеттенеді.
- 3.6 Бағдарлама аясында Қатысушылар Бонустық шотта Бонустарды жинақтайды, оларды сатушының сауда желісіндегі кейінгі сатып алуларына ішінара төлем жасау үшін пайдаланады.
- 3.7 Карта Бағдарламаның қолданылу мерзімі бойына жарамды.

4 Қатысушының жеке деректерін пайдалану

Қатысушы Сауалнамада көрсеткен ақпарат (аты-жөні, пошталық мекенжайы, e-mail, телефон нөмірі және т.б.) оның дербес деректері болып табылады. Қатысушының дербес деректері құпия ақпарат болып табылады, дербес деректерді жинауды және кейіннен өңдеуді Ұйымдастырушы «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

- 4.1 Өзінің Сауалнамаға қол қоюы, электрондық сауалнама жағдайында – «ережелермен келісу белгісін» қоюы арқылы Қатысушы Бағдарламаға Қатысушы ретінде тіркелу үшін, сондай-ақ Ұйымдастырушымен ұзақ мерзімді ынтымақтастықты қолдау мақсатында Ұйымдастырушыға Сауалнамада көрсетілген дербес деректерді өз еркімен ұсынатынын растайды. Қатысушы, сондай-ақ, Ұйымдастырушының тауарларын сатып алуға тапсырыстарды өңдеу, жарнамалық және арнайы ұсыныстарды, акциялар, ұтыс ойындары туралы ақпаратты, Ұйымдастырушының қызметі туралы өзге де ақпаратты алу үшін оның дербес деректерін пайдалануға келісім береді. Осы тармақта көзделген мақсаттарда Ұйымдастырушы Қатысушының пошталық мекенжайына, e-mail-не хаттар, хабарламалар мен материалдарды жіберуге, сондай-ақ SMS-хабарламалар жіберуге, Сауалнамада көрсетілген нөмірге қоңырау шалуға құқылы.
- 4.2 Ережелердің 5.2-тармағында көзделген мақсаттарда Қатысушы Ұйымдастырушыға өзінің дербес деректерін өңдеуге, оның ішінде: дербес деректерді Ұйымдастырушының дерекқорына орналастыруға (бұл туралы Қатысушыға қосымша хабарламастан), **деректерді өмір бойы сақтауға**, оларды жинақтауға, жаңартуға, өзгертуге (қажеттілігіне қарай) құқық береді. Ұйымдастырушы деректерді үшінші тұлғалардың рұқсатсыз кіруінен қорғаныспен қамтамасыз етуге, деректерді кез келген үшінші тарапқа таратпауға және бермеуге міндеттенеді (деректерді байланысты тұлғаларға, коммерциялық әріптестерге, Ұйымдастырушы көрсетілген мақсаттарда, сондай-ақ құзыретті мемлекеттік органның сауалы бойынша деректерді тікелей өңдеуге уәкілеттік берген тұлғаларға беруден басқа).
- 4.3 Қатысушы Ұйымдастырушыға берілген деректердің дұрыстығына өзі жауап береді. Өзінің дербес деректері өзгерген жағдайда Қатысушы Бағдарламаның ұсынылған байланыс арналары бойынша хабарласа отырып, Ұйымдастырушыға жаңартылған ақпаратты тиісті хабарламамен ұсынуға, хатты support@ispace.kz электрондық поштасына жіберуге тиіс. Қатысушы осы талапты орындамаған жағдайда, Ұйымдастырушы мұндай деректердің ұсынылмауына байланысты қолайсыз салдарлар үшін жауап бермейді.
- 4.4 Осы Келісімді Қатысушы кез келген уақытта «дербес деректерді кері қайтарып алу» белгісімен тиісті жазбаша өтінішті support@ispace.kz мекенжайына жолдау арқылы кері қайтарып ала алады. Бұл ретте Қатысушыға осы Келісімді кері қайтарып алу Бағдарламаға қатысуды автоматты түрде тоқтататындығы, соның салдарынан Бонустық карта бұғатталатындығы, бұл Картаны пайдалану мүмкін болмайтындығы, сондай-ақ Картада бар барлық бонустарды кейіннен қалпына келтіру мүмкіндігінсіз жоюды білдіретіндігі туралы хабарланады және келісіледі.
- 4.5 Егер «*» белгісімен белгіленген міндетті жолақтар толтырылмаса, Сауалнама дұрыс толтырылмаса немесе Ережелердің талаптарына сай келмесе, Қатысушының қолы қойылмаса («ережелермен келісу белгісі» қойылмаса), Сауалнама қабылданбайды.
- 4.6 Ұйымдастырушы Қатысушыны оның мүмкіндіктері мен сыйақысы туралы уақтылы хабардар етеді, алайда, егер бұл Ұйымдастырушыға байланысты емес себептермен орын алған болса, мұндай хабарламаның жеткізілмегені үшін жауап бермейді.

- 4.7 Ұйымдастырушы Қатысушылардың деректерін тиісті түрде жинауға, сақтауға және өңдеуге, оларды Бағдарлама шеңберінде пайдалануға міндеттенеді.
- 4.8 Қатысушы Ұйымдастырушыға Бағдарлама немесе Бағдарлама серіктестері туралы және басқа да тұтынушылық ұсыныстар туралы коммерциялық және/немесе ақпараттық сипаттағы кез келген ақпаратты пошта, электрондық пошта, телефон және/немесе SMS арқылы жіберу құқығын береді.
- 4.9 Сауалнамада көрсетілген Қатысушының деректері құпия болып табылады. Деректерге Ұйымдастырушының жауапты тұлғалары мен Қатысушының өзі қол жеткізе алады, сондай-ақ бұл деректер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес құқық қорғау және/немесе басқа да уәкілетті органдардың талап етуі бойынша табысталуы мүмкін.

5. Бағдарламада тіркелу

- 5.1 «iSpase» бағдарламасының Қатысушысы болу үшін дүкенде кассада орналастырылған QR-кодты сканерлеу немесе Ұйымдастырушыдан жіберілген сілтеме бойынша өтіп, пайда болған терезеде электрондық сауалнаманы толтыру қажет.
- 5.2 Электрондық картаға сілтеме Қатысушыға СМС немесе e-mail арқылы жіберіледі, бұл сілтеме толтыру үшін міндетті өрістері бар Сауалнаманы (электрондық құжатты) қамтиды (сілтеме QR-кодына қолжетімділік болмаған жағдайда қажетіне қарай беріледі):

- мобильді телефон нөмірі;
- тегі;
- аты;
- жынысы;
- туылған күні;
- жеке қолтаңбасы – «келісу белгісі».

Сауалнамада көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын Бағдарламаға Қатысушы өз қолымен растайды, электрондық Сауалнаманы толтырған жағдайда – «Ережелермен келісу белгісі» қойылады.

Қатысушының Сауалнаманы толтыруы Бағдарламаға қатысудың міндетті шарты болып табылады. Егер Сауалнама толтырылмаса, Бонустар Бонустық шотқа жинақталады, бірақ оларды жаңа сатып алуларды төлеу кезінде пайдалануға болмайды.

- 5.3 Картаның артықшылықтарын Бағдарламаның Қатысушысы ретінде Сауалнамада көрсетілген тұлға ғана пайдалануға құқылы. Картаны үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.
- 5.4 Төмендегі жағдайларда Ұйымдастырушы кез келген Қатысушының Бағдарламаға қатысуын тоқтата тұруға немесе доғаруға және Бонустық шотты ескертусіз бұғаттауға/жоюға құқылы:
- егер Қатысушы осы Ережелерді, сондай-ақ Ұйымдастырушының өзге де акцияларының шарттарын/талаптарын орындамаса;
 - Карта арқылы Бағдарламаға қатысуға байланысты басқа да жағымсыз салдарға әкеп соқтырған немесе әкелуі мүмкін деп айтуға жеткілікті негіз беретін алаяқтық операциялар, алдау немесе басқа манипуляциялар жүзеге асырылса. Алаяқтық

- әрекеттерге/операцияларға күдік бойынша негіздер Ұйымдастырушының мүдделерін қорғау мақсатында жария етілмейді;
- егер Қатысушы Бағдарлама шеңберінде өзіне берілген қандай да бір құқықтарды және / немесе артықшылықтарды теріс пайдаланса;
 - егер Қатысушы Сауалнаманы толтырмаса немесе дұрыс толтырмаса немесе оны дұрыс анықтауға мүмкіндік бермейтін толтырылуға міндетті Сауалнама жолағын толтырмаса немесе Сауалнамаға қол қоймаса/ «ережелермен келісу белгісін» қоймаса;
 - егер Қатысушы жаңылыстыратын немесе шындыққа сәйкес келмейтін ақпаратты (мәліметтерді) ұсынса;
 - қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес;
 - егер Қатысушының сатып алулары кәсіпкерлік мақсатта, яғни оларды кейіннен сату/қайта сату мақсатында жасалатынын куәландыратын фактілер болса.
 - Қатысушы Картаны үшінші тұлғаға пайдалануға берген болса;
 - Қатысушы Картаны соңғы ұсынылған күннен бастап үш жыл ішінде Бонустарды жинақтау немесе жұмсау үшін ұсынбаса.
- 5.5 Бағдарламаға қатысу жоғарыда көрсетілген негіздер бойынша тоқтатылған жағдайда, Қатысушының Бағдарламаға қатысу ережелерін орындамауына байланысты бонустар жойылады.
- 5.6 Қатысушы support@ispace.kz электрондық мекенжайына қатысуды тоқтату туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы Бағдарламаға қатысуын тоқтатуға немесе кез келген уақытта Картаның күшін жоюға құқылы. Ұйымдастырушы осындай хабарламаны алған сәттен бастап осы Қатысушының жинақтаған Бонустары жойылады.
- 5.7 Карта Бағдарламаның қолдану мерзімі ішінде немесе осы Ережеге сәйкес Бағдарламаға қатысу тоқтатылған күнге дейін жарамды.
- 5.8 Бағдарламаның қолданылу мерзімі шектелмейді, бұл ретте Ұйымдастырушының шешімі бойынша Бағдарлама мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін, Ұйымдастырушы Ұйымдастырушының ресми сайтында орналастырылған жария офертаға тиісті өзгерістер енгізу арқылы Бағдарламаны біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Қатысушы офертаның өзекті редакциясын өз бетінше қадағалауға міндеттенеді.
- 5.9 Сауалнамаға қол қойып және Картаны одан әрі пайдалана отырып, Қатысушы осы Ережелермен және оларға мерзімді түрде енгізілетін барлық өзгерістермен өзінің сөзсіз келісімін растайды.

6. Бонустарды есептеу

- 6.1 Бонустарды есептеу үшін Қатысушы сату нүктесінде әр сатып алу кезінде оған төлем жасамас бұрын Бағдарламаға Қатысушының Картасын көрсетуі керек. Сатып алулар үшін есептелген Бонустар тіркеледі және Қатысушының Бонустық шотында жинақталады.
- 6.2 Бонустарды есептеу қолма-қол ақшамен немесе банктік карталармен сатып алу кезінде жүзеге асырылады.
- 6.3 Бонустар келесі тәртіпке сәйкес есептеледі (есептеу коэффициенттері өзгертілуі мүмкін):
- Сатып алынған iPhone құнының 0,5%
 - Сатып алынған Mac құнының 0,5%
 - Сатып алынған iPad құнының 0,5%
 - Сатып алынған Apple iWatch құнының 0,6%

- Сатып алынған AirPods құнының 0,6%
- Bang & Olufsen брендінің сатып алынған тауар құнының 1,5%
- Сатып алынған аксессуарлар құнының 1,5%
- Сатып алынған қызметтер құнының 2%

6.4 Бонустар есептелмейді:

- тауарлар несиеге, SmartAlu, бөліп төлеуге сатып алынған кезде;
- науқан / жеңілдік / сыйлық / бандл аясында сатылып жатқан промо тауарларға;
- тұрақты, "welcome" (тіркелу үшін берілген) бонустарды есептен шығару кезінде;
- сыйлық сертификаттарын қолдану кезінде;
- серіктестік бағдарлама аясында жасалған сатып алуларға;
- «Жеткізу» қызметі үшін;
- жөндеу бойынша сервистік қызметтер үшін.

6.5 Бонустарды есептеу схемасы туралы ақпарат сату нүктелерінде, сондай-ақ Ұйымдастырушы ұсынған байланыс арналары арқылы орналастырылады.

6.6 Қосымша Бонустарды Ұйымдастырушы жарнамалық науқандар, арнайы акциялар және Бағдарламадан ұсыныстар кезінде есептей алады.

6.7 Қосымша Бонустардың қолданылу мерзімі мен іске қосылуы бөлек көрсетіледі және Ұйымдастырушы ұсынған Бағдарламаның коммуникация арналарында орналастырылады.

6.8 Тауарларды сатып алу кезінде Қатысушы бонустардың дұрыс есептелуін өздігінен тексереді. Даулы мәселелерді шешу үшін Қатысушы хатты supportwallet@asbck.kz мекенжайына жіберу арқылы ұйымдастырушыға жүгінуі және сатып алынған тауарға фискалдық чек пен оның жеке басын куәландыратын құжатты ұсынуы керек.

6.9 Ұйымдастырушы Қатысушыға ескертпей Бонустарды есептеу шарттарын (схемаларын) өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

6.10 Бонустарды есептеу кезінде бүтін сандарға математикалық дөңгелектеу ережесі қолданылады.

7. Бонустарды пайдалану

7.1 Бонустар келесі 15-ші (он бес) күні іске қосылады (пайдалануға қолжетімді болады) және Қатысушыға сатып алынған тауар құнының 30%-на дейін төлеу құқығын береді.

7.2 Қатысушы өзінің Бонустық шотындағы Бонустарды сату нүктесінде кез келген тауарды (Ұйымдастырушы белгілеген тауарларды сатып алуға шектеулерден басқа) сатып алу кезінде жеңілдік ретінде пайдалануға құқылы. Бонустарды пайдалану схемалары туралы ақпарат сату нүктелерінде орналастырылады, сонымен қатар Ұйымдастырушы оны Бағдарламаның байланыс арналары арқылы ұсынады.

7.3 Қатысушының Бонустық шотынан Бонустарды пайдалану (есептен шығару) тауарды сатып алу кезінде 1 Бонус=1 теңге жеңілдік есебінен жүзеге асырылады. Бонустарды пайдалану (есептен шығару) мүмкін емес, егер:

- сыйлық картасын сатып алса;
- тауарларды несиеге / бөліп төлеуге сатып алса / SmartAlu;
- тауарларды акциялық немесе арнайы баға ұсыныстары бойынша сатып алса;

7.4 Ұйымдастырушы сатып алу кезінде Қатысушы Бонустарды пайдалана алатын тауарлардың тізбесін біржақты тәртіппен өзгерту, сондай-ақ тауарды сатып алу кезінде жеңілдік коэффициентін өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

7.5 Шотта жиналған Бонустар санына сәйкес Ұйымдастырушы Қатысушыға мәлімделген шарттар бойынша тауарды сатып алу кезінде жеңілдік алу, сондай-ақ Бағдарлама серіктестерінің науқандары мен ұсыныстарына қатысу құқығын береді.

7.6 Бағдарламаны Ұйымдастырушы сатып алу кезінде Бонустарды пайдалануға болатын тауарларды дербес анықтайды.

- 7.7 Бонустар хронологиялық тәртіпте жұмсалады: алдымен ертерек жанып кететін бонустар қолданылады.
- 7.8 Егер Қатысушы 2 (екі) және одан да көп тауарды Бонустармен төлесе, онда төленетін Бонустар осы тауарлар арасында сатып алынатын әрбір тауардың құнына барабар бөлінетін болады.
- 7.9 Бонустарды тауарды төлеуге жеңілдік ретінде – сатып алынатын тауар құнының 30%-на дейін төлеу үшін пайдалануға болады.
- 7.10 Бонустар төлем құралдары, валютаның немесе бағалы қағаздың кез келген түрі болып табылмайды және бола алмайды.
- 7.11 Жиналған Бонустарды ақшалай баламаға аударуға және Қатысушыға қолма-қол ақшамен беруге болмайды.
- 7.12 Бағдарламаны Ұйымдастырушы Қатысушының салықтарды төлеуі және Бағдарламаға қатысуға байланысты міндеттемелерді орындауы үшін жауап бермейді.
- 7.13 Белсендірілген Бонустардың қолданылу мерзімі шектеулі және Бонустардың әрбір сомасы белсендірілген сәттен бастап 180 күнді құрайды. Welcome Бонустар Бағдарламасы қолданылған жағдайда мұндай бонустардың қолданылу мерзімі шектеулі және бонустарды алған сәттен бастап 60 күнді құрайды.
- 7.14 Жарамдылық мерзімі аяқталғаннан кейін Бонустар жанып кетеді және картадан шегеріледі. Жарамдылық мерзімі бойынша картадан шегерілген Бонустар қалпына келтірілмейді.

8. ТЕХНИКАЛЫҚ ШЕКТЕУЛЕР

- 8.1 Егер техникалық себептер бойынша Қатысушының Картасына Бонустарды есептеу мүмкін болмаса, Ұйымдастырушы сатып алушыға ақау жойылғанға дейін тауарды сату жөніндегі операцияны жүргізуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.
- 8.2 Егер техникалық себептер бойынша Қатысушының Картасына Бонустарды есептеу сату жүргізілген сәтте мүмкін болмаса, Қатысушы картаға бонустарды сату жүргізілгеннен кейін, бірақ фискалдық чекте көрсетілген күннен бастап 15 (он бес) күннен кешіктірмей supportwallet@asbck.kz поштасына немесе ISpace сауда желісінің бөлшек сауда дүкендеріне жеке жүгіну жолымен есептеуге құқылы. Қатысушы Бонустар есептелуі қажет сатып алудың фискалдық чегін ұсынуға және Бонустар есептелуі тиіс картаның нөмірін көрсетуге міндеттенеді.

9. БОНУСТАРЫ АЛЫНҒАН ТАУАРДЫ ҚАЙТАРУ

- 9.1 Қатысушы тауардан толығымен бас тартқан жағдайда:

- дүкенде;
- интернет-дүкеннің сайтында өз бетімен;
- call-center операторы арқылы;
- тауарды тікелей өз бетімен алып кету кезінде.

Осы өнімді сатып алғаны үшін есептелген Бонустар Қатысушының Бонустық шотынан алынады.

10. БОНУСТАРМЕН ТӨЛЕНГЕН ТАУАРДЫ ҚАЙТАРУ

- 10.1 Егер Қатысушы сатып алынған тауардан бас тартқан жағдайда:

- дүкенде;
- интернет-дүкеннің сайтында өз бетінше;
- call-center операторы арқылы;
- тікелей тауарды алып кету кезінде бұл тапсырыс жойылады, ал Бонустар Бонустық шотқа қайтарылады. Қалған Бонустар үшін жарамдылық мерзімі өзгермейді.

- 10.2 Егер Қатысушы 2 (екі) және одан да көп тауарды Бонустармен төлесе, кейін олардың біреуін қайтарса, қайтарылған тауарға жұмсалған Бонустардың саны Қатысушының Бонустық шотына қайтарылады.
- 10.3 Егер тауарды қайтару кезінде Қатысушының Бонустық шотында қайтарылуға жататын соманы ұстап қалу үшін белсендірілген Бонустардың жеткілікті саны болмаса, бірінші кезекте барлық қолжетімді белсендірілген Бонустар, содан кейін — «белсендірілмеген» мәртебесіндегі (есептелген, бірақ белсендіру кезеңінен әлі өтпеген) Бонустар есептен шығарылады.
- Егер мұндай Бонустардың жалпы саны жеткіліксіз болса, Қатысушының Бонустық шоты теріс мәнге ие болады. Теріс баланс жаңа сатып алулар үшін Бонустарды кейінгі есептеу кезінде автоматты түрде есепке жатқызылады.

11. Басқа шарттар

- 11.1 Бағдарлама ұзақ мерзімді болып табылады.
- 11.2 Ережелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі. Қатысушымен есеп айырысу кезінде Ұйымдастырушы Қатысушының өтініш берген сәтінде бұл үшін техникалық немесе өзге мүмкіндік болмаған жағдайда Қатысушыға Бонустарды есептеуден немесе пайдаланудан уақытша бас тартуға құқылы.
- 11.3 Қатысушы сауалнамада ұсынатын ақпарат Ұйымдастырушыға тұтынушылардың қажеттіліктерін жақсы түсінуге және Бағдарлама шеңберіндегі ұсыныстар туралы толық ақпарат беруге, Қатысушыға ұсынылатын қызметтер мен тауарлардың сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл мәліметтерді Қатысушы Ұйымдастырушыға алдын ала хабарлау арқылы өзгерте немесе жоя алады.
- 11.4 Ұйымдастырушы Қатысушыдан алынған дербес ақпаратты алған, сақтаған, өңдеген және пайдаланған кезде оның Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының осы Ережелері мен нормаларының ережелерін ұстануына кепілдік береді. Осыған байланысты Қатысушы Бағдарламаның шарттарымен, сауалнамада көрсетілген ақпаратты алуға, сақтауға, өңдеуге және пайдалануға қатысты ескертпелермен танысқанын және толық (сөзсіз) келіскенін растайды.
- 11.5 Әрбір Қатысушы Бағдарламаға қатыса отырып, өзінің атын, тегін, фотосуретін, сұхбатын немесе өзі туралы басқа да материалдарды жарнамалық мақсатта тегін пайдалануға, соның ішінде өзінің атын және фотосуретін бұқаралық ақпарат құралдарында, кез келген баспа, аудио және бейнематериалдарда, БАҚ-пен сұхбаттасуға, мұндай пайдаланудың аумағы мен мерзімдерін шектемей жариялау құқығына сөзсіз келісім береді. Мұндай пайдалану Ұйымдастырушы немесе үшінші тұлғалар тарапынан өтелмейді (төленбейді).
- 11.6 Бағдарламаға Қатысушы барлық деректерді, соның ішінде Сауалнамада көрсетілген жеке деректерді және Қатысушы жасаған сатып алулар туралы деректерді Ұйымдастырушы және Ұйымдастырушының басқа да уәкілетті ұйымдары мен үшінші тұлғалар Бағдарламаны іске асыру, жаңа ниеттестік бағдарламаларын құру, маркетингтік, ақпараттық, жарнамалық немесе өзге де ұқсас мақсаттарда тұтынушылық сұранысты зерделеу, Қатысушыға жарнамалық және ақпараттық материалдарды шектеусіз ұсыну мақсатында, мерзімі мен аумағы бойынша, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде шектеусіз алу, сақтау, өңдеу және пайдалану мүмкіндігіне сөзсіз келісім береді.
- 11.7 Ұйымдастырушы өз қалауы бойынша өзі үшін қандай да бір жағымсыз салдарсыз кез келген адамды Бағдарламаға қатыстырудан бас тарту құқығын өзіне қалдырады.
- 11.8 Ұйымдастырушының осы Ережелерге біржақты тәртіппен өзгерістер енгізуге құқығы бар.

11.9 Бағдарламаның қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату, сондай-ақ Бағдарлама Ережелерін өзгерту туралы хабарлама Бағдарламаның Сайтында және/немесе Сату нүктесінде орналастырылған жағдайда және/немесе Қатысушыға Сауалнамада көрсетілген электрондық пошта мекенжайларына немесе ұялы телефон нөміріне жолданған болса, Қатысушыға жіберілген болып есептеледі.